


**ЖОО коды 012**

**Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті**

**5B07101 «Көлік, көліктік техника және технологиялар» білім беру бағдарламасы (қолданбалы бакалавриат)**

## **БАСЫМДЫЛЫҚТАРЫ**

- Білім алушыларды қабылдау орта білім туралы құжат немесе білімі туралы басқа құжат (ортадан төмен емес деңгей) болған жағдайда жүзеге асырылады. Оқудың қысқартылған нысаны бар бағдарламалар үшін колледж түлектері сияқты классификатор бойынша бағытына сәйкестік талап етілмейді.
- Гуманитарлық пәндердің аз тізбесі бар тәжірибеге бағытталған кәсіптік оқыту
- Кәсіби білім мен дағдыларды оқытудың толық курсы
- Слесарь, дәнекерлеу, токарь ісі мамандықтары бойынша негізгі инженерлік біліктілікті бере отырып (сертификат ала отырып), мамандарды даярлау бейіні бойынша практикалық дағдыларды меңгеру
- Оқу мерзімі – 3 жыл. Магистратураға түсу үшін бакалавриаттың толық курсы (тағы 1 жыл қосымша оқыту) меңгеруге болады.
- Әскери қызметке оқу мерзімінде (3 жыл) шақырылмайды
- Қолданбалы бакалавриат бойынша арзан оқу бағасы – жылына 390 мың теңге
- Оқытуды аяқтағаннан кейін «Көлік, көліктік техника және технологиялар» білім беру бағдарламасы бойынша қолданбалы бакалавр біліктілігін алу.



## **КҮНДЕР:**

**03.08. - 20.08.** Түсу емтиханына **ӨТІНІШТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ**

**23.08. - 24.08.** Түсу емтиханы **ӨТЕТІН КҮНДЕР**

**25.08.** Қолданбалы бакалавриатқа **ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ**

## 5B07101 «Көлік, көліктік техника және технологиялар» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ (қолданбалы бакалавриат)



Тарихи тұрғыдан алғанда, Қазақстандағы жоғары оқу орындары арасында бейіні бойынша «Көлік, көліктік техника және технологиялар» ең көне білім беру бағдарламасы (ББ), өйткені Өскемен құрылыс-жол институтының «Автомобиль және автомобиль шаруашылығы» және «Жол құрылыс машиналары» мамандықтарының мұрагері (1958 жылдан бастап) болып табылады.

- ✓ «Көлік, көліктік техника және технологиялар» ББ NAAR тәуелсіз агенттігімен 2020 жылы 7 жыл мерзімге **аккредиттелген**.
- ✓ «Көлік, көлік техникасы және технологиясы» (бакалавриат, магистратура, докторантура) бағыты бойынша оқытудың **толық циклі бар**.
- ✓ Білім беру бағдарламасы бойынша мамандарды даярлау үшін материалдарды өңдеудің **инновациялық технологиялары бойынша жаңа жабдықтарды** (СББ станоктарында, плазмалық кесу, гальваникалық және иондық бетті өңдеуде металл және пластмасса материалдарынан бөлшектерді 3D басып шығару) қоса университеттің **заманауи материалдық-техникалық базасы қолданылады**.
- ✓ ББ аясында Мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінде автокөлік жанармайлары мен майларын сертификаттау сынағы бойынша аккредиттелген **«SATиМ» ғылыми-өндірістік орталығы** жұмыс істейді.
- ✓ ББ зертханалық базасының негізі - **«ЭТОРА» автотехникалық орталығы**. Мұнда оқу үдерісімен қатар жыл сайын автокөліктерді техникалық байқаудан өткізіп, диагностикалау, техникалық қызмет көрсету және жөндеу қызметтері көрсетіледі.
- ✓ **Жоғары білікті профессорлық-оқытушылық құрамға** автокөлік жасау зауытының практикалық тәжірибесі бар ғылыми қызметкерлер мен мамандар кіреді.

### СЕРІКТЕСТЕР:

➔ **АЙМАҚТЫҢ ЖЕТЕКШІ КӘСІПОРЫНДАРЫ** – «СемАЗ» ЖШС, «Казцинк» ЖШС, «Евротехсервис» ЖШС, «Hyundai Oskemen» ЖШС, «ДИМ Строй» инжиниринг компаниясы және т.б.



### ➔ ШЕТЕЛДІК СЕРІКТЕСТЕР

- Вроцлавский ғылым және технологиялар университеті (Вроцлав қ., Польша),
- Massachusetts Institute of Technology, Cambridge, MA, USA
- «МАДИ» ММТУ (Мәскеу қ., Ресей)
- Томск мемлекеттік сәулет-құрылыс университеті (Мнск қ., Беларусь Республикасы)
- Беларусь ұлттық техникалық университеті (Минск, Беларусь Республикасы)
- Қазан ұлттық зерттеу техникалық университеті (Қазан қ., Ресей)

